

**Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева
Факультет журналистики и политологии
Кафедра политологии**

**МӘНГІЛІК ЕЛ – ОБЩЕНАЦИОНАЛЬНОЕ
ЕДИНСТВО, МИР И СОГЛАСИЕ**

*Материалы - Международной
научно-практической конференции
(г. Астана, 2017г.)*

УДК 378:327(063)

ББК 74.58+66.4

М 36

Ответственный научный редактор Нечаева Е.Л.

К.п.н., профессор

Редакционная коллегия:

Копежанова Д.Е., Дюсембекова М.К., Жанпейсова Қ.Д.

Мәңгілік Ел – Общенациональное единство, мир и согласие: сбор.матер. VI-
Межд. науч.-прак. конф.– Астана, ТОО Мастер По, 2017.- 174 с.

ISBN 978-601-301-928-4

Сборник материалов международной научно-практической конференции содержит доклады ученых, докторантов, магистрантов и студентов казахстанских и зарубежных вузов.

В нем рассматриваются ключевые аспекты социальных и политических процессов Евразийской интеграции, социально-коммуникативные технологии и инновационные процессы в обществе.

В материалах сохранен авторский стиль. Материалы сборника предназначены для широкого круга научной и научно-педагогической общественности, могут быть использованы в теории и практике прикладной политологии и международных отношений.

Ответственность за аутентичность и точность цитат, имен, названий и иных сведений, а также за соблюдение Закона об интеллектуальной собственности несут авторы публикаций и научные руководители.

УДК 378:327(063)

ББК 74.58+66.4

ISBN 978-601-301-928-4

**© Кафедра политологии
ЕНУ им.Л.Н. Гумилева, 2017**

Елемес Е., Шалтай Е.
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ
«Саясаттану» мамандығының 3 курс студенттері
г. Астана, Қазақстан
(Ғылыми жетекші: доцент, Ph.D докторы Копежанова Д.Е.)

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТІЛДІК АХУАЛ ЖӘНЕ ҮШТІЛДІЛІК САЯСАТЫ

Тіл саясаты – тіл тағдырын белгілейтін мемлекеттік шаралар жүйесі. "Тіл саясаты" ұғымы алғашында "ұлттық саясат", "шаруашылық саясат" терминдерімен қатар пайда болып, өзінің мазмұны жағынан партиялық және мемлекеттік саясаттың ұлт мәселесіндегі тілге қатысты жағын білдірген. Ал, кейінірек бұл терминнің мазмұны кеңейтіліп, әлеуметтік сөйлеу дәстүрін саналы бағытта басқару деп түсіндірілді. Басқаша айтқанда, тілдік даму процесін және оны басқарудың стихиялығына жол бермеуді көздеген саясат болды.

Тіл саясаты - тілдік дамуға қоғамның саналы ықпал етуінің теориясы мен тәжірибесі, яғни, қолданыстағы тілдерді белгілі бір мақсатта және ғылыми негізде басқару және тілдік жаңа қарым-қатынас құралдарын жасау болып табылады [1, 559-бет]. Қазақстан Республикасының тіл саясаты мемлекетіміздің ұлттық саясатының ажырымас бөлігі. Бірқатар маңызды әлеуметтік-саяси факторлардың ықпалын ескерсек, ел саясатының осы екі бағытын бөліп қарастыруға болмайтындығына көзіміз жетеді. Сондықтан, тіл мәселелерін қозғағанда оның салдары ұлтаралық қарым-қатынастарға кері әсерін тигізу мүмкіндігін естен шығармаған жөн. Әрине қазіргі қазақ тілінің жағдайы, Ата заңда белгіленген мәртебесінің сақталуы көңіл қуантарлық деңгейде емес. Қазіргі кезде қазақ тілінің шынайы жағдайы қандай? Қазақ тілінің еркін дамуы мен қызмет етуін тежеп тұрған себептер қандай? Тілдік ахуалдың ушығып кетпеуі үшін қандай шаралар қолдану қажет?

Жоғарыда аталған сұрақтарға жауап таппай оң нәтижеге қол жеткізе алмайтынымызды мойындау керек. Сондықтан еліміздегі тілдік ахуалды егжей-тегжейлі қарастырып көрейік. Жергілікті және мемлекеттік басқарудың магистрі, саясаттанушы Жанғазы Руслан Досжанұлының мәліметтеріне қарағанда: «Қазіргі заман қазақ тілі ғаламшардағы 6 мыңға жуық тілдер арасынан өзінің ауызша, жазбаша, қалыпқа түскен бірізділігімен және мәдени дәстүрімен 70 орынға табан тіреді. Жоғары дамыған алты жүз тілдің бірі болып есептеледі. Мемлекеттік мәртебеге ие болған екі жүз тілдің санатына кіреді» [2].

Тәуелсіздік алған алғашқы жылдарға қарағанда қазақ тілінің жағдайы біршама жақсарғанымен, орыс тілі қоғамдық қатынастардың көптеген салаларында басымдыққа ие болып тұр. Мемлекеттің жүргізген тіл саясаты

мен қандастарымыздың тарихи отанына қайтып келіп тұрақтауы тілдік ахуалдың біршама жақсаруына септігін тигізгенін жоққа шығара алмаймыз. Алайда «неліктен орыс тілі қоғамдық салалардың барлығында басымдыққа ие?» деген сұрақ туындайды. Әр елдің саясатына ішкі және сыртқы факторлар әсер етеді.

Көптеген сарапшылар мен зерттеушілер елімізде саны жағынан орыс халқының қазақтардан кейін 2 орында болуын, Ресеймен көрші болуымызды басты себеп ретінде алға тартады. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, қазіргі кезде қазақтар жалпы халықтың 66,48%-ын құрайды. 2-орында орыстар жалпы халықтың 20,61%-ы. Жылдан жылға қазақтардың саны артып келеді, бұл өз кезегінде туу көрсеткіштеріне де байланысты.

Әрине осыдан 20 жыл бұрын «басқа ұлттардың қазақтарға қарағанда пайыздық үлесі жоғары, тарихи себептерге байланысты орыс тілі бәріне түсінікті» деп айтуға болатын. Нақты қазіргі уақытта бұл себепті алға тарту негізсіз, сылтау ғана деп айта аламыз. Мысал ретінде Латвия мемлекетін қарастыруға болады. Қазақстан сияқты Латвияда КСРО құрамында болған одақтас республикалардың бірі. 1999 жылы қабылданған «Латвия Республикасының мемлекеттік тілі туралы» заңда «республика аумағында латыш тілінен басқа тілдердің барлығы шет тілдері болып есептеледі»- деп айтылған. 2000 жылғы халық санағы бойынша жалпы халықтың 57,6%-ы жергілікті ұлт өкілдері, 2-орында орыстар, жалпы халықтың 29,8%-ы. Соған қарамастан өткізілген жалпыхалықтық референдумда халықтың 62 %-ы латыш тілін өзінің ана тілі ретінде мойындады. Өз тіліне баса мән берген Латвияда қарулы күштерде іс-қағаздар барлығы ана тілінде жүргізіледі, оған қоса латыш тілін меңгеру бойынша мемлекеттік агенттік құрылған. Латвияның азаматтығын алғысы келген әрбір адам мемлекеттік тілден емтихан тапсырады. Мемлекет заң жүзінде және іс жүзінде мемлекеттік тілдің мәртебесін нақты айқындап көрсеткен [3].

1993 жылы қабылданған алғашқы Ата Заңымызда «Орыс тілі ұлтаралық қарым-қатынас тілі болып табылады» деп жазылған. 1995 жылы қабылданған Ата Заңда 7-баптың 2 тармағында «мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» деп айтылған. Егер конституцияда мемлекеттік тіл мен ресми тіл деп бөлініп жазылса, мемлекеттік тіл мен ресми тіл тең дәрежеде болып табылмайды.

Әлемдік тәжірибеде Бельгиядағы жағдай ғана ерекше болып табылады. 1994 жылы қабылданған Бельгия конституциясында тілдердің заңды мәртебесі көрсетілмеген. Конституция нидерланд, француз және неміс тілдерінде жазылған. Қай тілде жазылғанына байланысты сол тіл бірінші, ресми тіл деп жазылған. Мысалы, француз тілінде жазылған конституцияда француз тілі ресми тіл десе, неміс тілінде жазылған

конституцияда неміс тілі ресми тіл деп айтылады және нидерланд тілінде де дәл солай.

Қазақстан Республикасы Ата Заңының 7-бап 1 тармағында «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл- қазақ тілі» деп жазылған [4]. Бірақ қазіргі кезде қазақ тілінің конституциялық мәртебесі қаншалықты сақталады?! «Ата заңның 7-бабының 1-тармағындағы мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеріп, қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейте түсуді жан-жақты ойластыру қажет. Бұл үшін қолданыстағы Тіл туралы заңнан Конституцияның 7-бабының 1-тармағына қайшы нормаларды алып тастау керек. Мысалы, Заңның «Деректемелер мен көрнекі ақпарат тілі» деген 21-бабында «Мемлекеттік органдардың мөрлері мен мөртаңбаларының мәтінінде олардың атаулары мемлекеттік тілде жазылады» деп айқын көрсетіліп, одан кейін «Меншік нысанына қарамастан, ұйымдардың мөрлерінің, мөртаңбаларының мәтіні мемлекеттік тілде және орыс тілінде жазылады», сондай-ақ көрнекі ақпаратты екі тілде жазу қажет тағы осы сияқты мемлекеттік органдарға қатысы жоқ заңдық нормалардың «мемлекеттік тілде және орыс тілінде» деп қосақтаудан арылуымыз қажет» дейді саяси ғылымдардың докторы, профессор Әбдіжәлел Бәкір «qazaquni.kz» сайтына берген сұхбатында [5].

Кейбір зерттеушілердің айтуы бойынша елімізде орыстілді славян тектес ұлттардың да үлесі аз емес, сол себепті тіл мәселесі сезімтал тақырыптардың бірі болып табылады. Алайда олар еліміздің әр аймағында емес, белгілі бір облыстарда ғана көптеп шоғырланған. Бұл үрдіс әсіресе еліміздің солтүстік аймақтарына қатысты айтылған.

Тарихи дамуына байланысты Канада екітілді мемлекет болып табылады. Канадада ағылшын және француз тілдері ресми тілдер мәртебесіне ие. Бірақ француз тілі федералды округтар деңгейінде ғана ресми тіл болып табылады. Мемлекеттік тіл мәртебесіне ағылшын тілі ие. Француздар ең көп қоныстанған Квебек аймағында француз тілі ресми болып табылғанымен, көптеген аймақтар басымдықты ағылшын тіліне береді [6]. Осындай тәжірибені қазақтардан басқа ұлт өкілдері көп қоныстанған аймақтарда қолдануға болады. Республиканың халықтың жартысынан көбін қазақтар құраған аймақтарында бір тілге басымдық берсек мәселені демократиялық жолмен шешкен болар едік. Өйткені Канаданың тәжірибесін әлем мойындаған және де ол адам құқығын қорғауға бағытталған ешбір халықаралық заңдарға қайшы емес.

Қазақ тілін дамыту саясаты жаһанданудың мәдени үрдісі – ағылшын тілінің кең етек жаюымен қатар келді. Әлемдік сипатқа ие болған бұл үрдіс Қазақстанда да ағылшын тілінің әлеуметтік беделі мен мәртебесінің күрт өсуімен ерекшеленеді. Бұл үрдістің күшеюі Қазақстанның ғаламдық экономикалық және шексіз ақпараттық кеңістікке интеграциялану деңгейіне тікелей байланысты болмақ.

Полиэтникалық қоғамда қазақ тілінің бәсекелесе алмауының бірден- бір себебі осы. Екінші бір себеп, қазақ тілін үйретудің жеңіл әрі тиімді методикаларының болмауы. Қазақ тілін оқып-үйренуде материалдың тапшылығы. Өйткені «қазақ тілінің этимологиялық сөздігі», «қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» сияқты еңбектер жоқ. Әлем тілдерінің арасында ағылшын тіліне бәсекелес ретінде француз тілі танылған.

Дегенмен, күн санап француз тілінің халықаралық қатынаста мәртебесі төмендеуде. Франция мемлекеті өз тілінің әлемдегі үстемдігін сақтап қалу мақсатында Франкофония ұйымын құрды. Француз мәдениеті мен тілін дамытуға қосқан үлесі үшін мемлекет тарапынан арнайы орден тағайындалып осы салада жеткен жетістіктері үшін жыл сайын адамдар марапатталады. Ағылшын тілін қаншалықты меңгергенің бағалайтын халықаралық «IELTS», «TOEFL» бағалау жүйелеріне балама ретінде Франция мемлекеті француз тілін қаншалықты деңгейде меңгергенің бағалайтын «DALF» халықаралық бағалау жүйесін жасады.

Мемлекеттік тілді қолдауда Францияның жүргізген саясатын Қазақстанға үлгі ретінде алуымыз керек. Қазақ тілінің конституциялық мәртебесіне лайықты болуын қамтамасыз ету және қазақ тілінің қолдану аясын кеңейтуді ұтымды жүзеге асыру мақсатында төмендегідей ұсыныстарымыз бар:

- Қазақ тілі- жастардың тіліне айналуы керек. Осы орайда Қадыр Мырза Әлидің сөзі еріксіз ойға келеді: «тіл- бала тілі болмайынша, Ана тілі болмайды»;

- Қазақ тілін үйретудің жаңа, жеңіл, методикасын жасап, қазақ тілін тегін үйрететін курстарды ашу керек;

- Қазақ тілі- ғылым мен техника, БАҚ, мәдениет, қауіпсіздік және қарулы күштер, халықаралық дипломатия тіліне айналуы керек;

- Қазақ тілін қаншалықты деңгейде меңгергенің бағалайтын, халықаралық «IELTS», «TOEFL», «DALF» сынды бағалау жүйесін жасау керек. Мемлекеттік тілді қаншалықты меңгергеніне байланысты сертификат негізінде мемлекеттік қызметкерлердің жалақысына үстеме берілетін болса тіл үйренуге деген құштарлық артушы еді;

- Қазақ тілі қоғамның барлық салаларын қамтыған, күнделікті тұрмыста бірінші болып қолданылатын «халықтың» тіліне айналуы керек.

Елімізде соңғы кезде үштілділік мәселесі қызу талқыланған тақырыптардың бірі болды. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, 2011 жылы ағылшын тілінде 550 мың кітап жарық көрді. Олар қайтадан шыққан басылымдар емес, қоғамның барлық саласын қамтыған, жаңа идеялар, жаңа оқулықтар. Орыс тілінде 97 мың кітап шықты. 3-ші орында француз тілі. Оның үлесіне 65 мың кітап тиесілі. Қазақ тілінде 2700 кітап шықты. Оның көп бөлігі әдебиет пен тарихқа қатысты, гуманитарлық бағыттағы кітаптар. Техникалық ақпараттың 70%-ы ағылшын тілінде шығады [7].

Медицина, технология, IT-технологиялар саласындағы ақпараттың көп бөлігі ағылшын тілінде шығады. Қазіргі кезде атақты деген француз тілінің өзі ағылшын тіліне бәсекелес бола алмай қалды. Ешқандай мемлекет аудармаға қыруар қаржы жұмсаса да ағылшын тілінде жарияланған барлық мәліметті өз тіліне аудара алмайды. **Біріншіден**, ол қымбатқа түседі. **Екіншіден**, көп уақытты талап етеді. **Үшіншіден**, ағылшын тілінде ақпараттың жариялануы тоқтаусыз үрдіс болғандықтан, ақпараттан, әлем жаңалықтарынан артта қалушылық ешқашан жойылмайды. Бұл Қазақстанның ғана емес, бүкіл әлем елдерінің проблемасы.

Қазақстанның жағдайында аудармамен айналысқанға карағанда, халыққа ағылшын тілін үйреткен әлдеқайда тиімді. Әлемдік тәжірибеде көптілді мемлекеттер аз емес. Соның бірі Үндістан. Үндістанда- 3000 тіл бар. 18 тіл ресми тіл мәртебесіне ие. Олардың әрқайсында кем дегенде 1 млн адам сөйлейді. 1947 жылы тәуелсіздік алғанда мемлекеттік тіл ретінде-хинди тілін жариялады.

Ағылшын тілі конституция бойынша уақытша тіл ретінде 15 жылға өтпелі кезеңге жарияланды. Содан бері 70 жылға жуық уақыт өтсе де Үндістанның халқының көп бөлігі ағылшын тілін қолданады. Ағылшын тілі ауылдық жерлерден басқа, қоғамдық өмірдің барлық саласын қамтыды. Көптеген ғылыми жаңалықтарға Үндістан қол жеткізді. Алайда, өз тілдері уақыт өткен сайын жойылуда. Жаһандану дәуірінде ағылшын тіліне бәсекелес бола алмады. Көптеген зерттеушілер Қазақстанда болатын «үштілділіктің» соңы осындай болуы мүмкін деп күмәнданады.

Әлемдік тәжірибеде 4 тілді қатар қолданып, қоғамдық татулықты көп жыл бойы сақтап келе жатқан ел ретінде Швейцарияны атауға болады. Елде 3 ресми тіл бар. Олар герман, француз, итальян тілдері және ретороман тілі ерекше мәртебеге ие. Конституцияға сәйкес әр адамның қалаған тілде сөйлеу құқығы бар. Ел 26 кантоннан құрылған конфедерация. Әр кантоны автономды, тіл таңдау құқығы бар. 17 кантонда герман тілі, 4 кантонда француз тілі, 3 кантонда француз-герман тілдері, 1 кантонда итальян тілі, 1 кантонда итальян-ретороман тілдері қолданылады [8]. Тұрған кантонына қарамай әр адамда тіл таңдау еркіндігі бар. Көп жағдайда мемлекеттік жарлықтар, парламент отырыстары герман, француз, итальян тілдерінде жүргізіледі, барлығы да ресми болып табылады және заңды. Толық еркіндіктің берілуі Швейцарияда қалыптасқан қоғамдық татулық пен тұрақтылықтың басты кепілі болып табылады. Бұл оңтайлы жүргізілген тіл саясатының нәтижесі.

Көптеген қазақ зиялылары 1 сыныптан бастап 3 тілде оқытуға қарсы болды. «Үштілділік қажет. Бірақ оны бірінші сыныптан бастау дұрыс емес» – дейді мәжіліс депутаты Бекболат Тілеухан. Тіл жанашыры Мұхтар Шаханов: «Жапондық тәжірибеге сүйеніп, балаларды 12 жасқа дейін ана тілінде ғана оқыту керек» дегенді алға тартады. Осы мәселеге қатысты ҚР Білім және

ғылым министрі Ерлан Сағадиев былай деп жауап берді: «Бала 12 жасқа дейін ана тілінде ғана оқуы керек деген түсінік бар ғой. Бұл пікір зерттеуді қажет етеді. Бұны айтып жүргендер көбінесе Жапонияның тәжірибесіне сүйенеді. Бір қарағанда құлаққа да жақсы естіледі. Алайда, мұнда бірқатар жана проблемалар туындайды. Жапония – бірұлтты мемлекет. Ал, біз көпұлтты елміз. Балаларымыз туа сала көп тілді ортаға түседі. Бұл - **бір**.

Екіншіден, экономикалық әріптестік және даму ұйымының зерттеулері оқу сауаттылығы бойынша қазақ тілінде оқитын балалар орыс тілінде оқитын балалардан 1,5 жылға артта қалатынын көрсетіп отыр. Бұл ел ішіндегі көрсеткіш. Бір тілде оқытуды бекіту арқылы біз осындай артта қалуды бекітеміз. Бірінші қазақ тілінде оқыту сапасын Жапонияның деңгейіне жеткізіп алуымыз қажет. Біз осы мәселемен жүйелі түрде айналысқымыз келеді» [9].

Қоғамда «біз әлі үштілділікке дайын емеспіз» деген пікір қалыптасқан. Көп адамдар үштілділік саясаты қалай жүзеге асатынын да түсінбейді. Осы туралы Ерлан Сағадиев «qamshy.kz» сайтына берген сұхбатында баяндап берді: «Ешкім 1 қыркүйектен бастап мектептерде міндетті түрде үш тілді оқыту сыныптарын енгізгелі отырған жоқ. Бағдарламаға сай тек 10, 11-сыныптар ғана, 2019 жылдың қыркүйегінен бастап, тек төрт пәнді (физика, химия, биология, информатика) ағылшын тілінде оқитын болады. Бұл аптасына 8 сағатты құрайды. Бұл тек төрт жылдан кейін енеді.

Сонымен бірге, қазақ тілінде оқытатын мектептерде математика, қазақ тілі, қазақ әдебиеті, Қазақстан тарихы, география және тағы басқа пәндер қазақ тілінде оқытылады. Барлығы – 16 сағат. Егер инвариантты сағат сандарына шақсақ, барлық 22 сағаттың 14 сағаты қазақ тілінде оқытылады. Бұған дене тәрбиесіне арналған 3 сағатты қосыңыз. Ол да қазақ тілінде өтеді. Орыс тілі мен орыс әдебиеті, әлем тарихы орыс тілінде оқытылады. Орыс тілді мектептерде де осындай қатынас болады. Бұл 2019 жылдан бастап, тек жоғары сыныптарға енеді». «79-қадам. Білім беру жүйесінде- жоғары сыныптар мен ЖОО-ларда ағылшын тілінде оқытуға кезең-кезеңмен көшу» қажеттілігі Елбасы жариялаған «Қазақстан 2050» стратегиясында да көрініс тапты. АҚШ-тың Сиетла университетінің Орта Азия мен Қазақстанды зерттеу орталығының басшысы Уильям Фиерманнан осы мәселеге байланысты сұрағанда, ол: «Менің ойымша осы саясат өте дұрыс және мемлекеттің дамуына үлкен пайдасын тигізеді. Алайда үш тілдің деңгейінің бірегейлігі туралы айту әлі ерте сияқты, себебі сіздерде әлі де болса орыс тілі басымырақ. Менің ойымша біріншіден қазақ тілінің деңгейін жоғарылату маңызды, әсіресе қалалық жерлерде, өйткені ауылдық жерлерде қай уақытта болмасын қазақ тілінің деңгейі басым болған» деп өз көзқарасын білдірді.

Көптілді болу – уақыт талабы. Оқу пәндерін екі немесе одан да көп тілде аудармасыз оқытуға, жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үніліп өз қабілетін танытуына

мүмкіндік беретін бүгінгі күнгі ең жоғары қажеттілік ретіндегі көптілді білім берудің маңызы айқындалды. Тек бәсекеге қабілетті азаматтар ғана Отанымыздың тұрақты дамуына, бәсекеге қабілетті болуына өз үлесін қоса алады. Көптілділік адамдар арасындағы келісімді сақтауға көмектеседі.

Әлемде ерекше феномен ретінде Сингапур мемлекетін атауға болады. Ұлыбританияның отарынан, Азияның айдаһарына айналған мемлекет. Халқының көп бөлігі күнделікті тұрмыста ағылшын тілін қолданатын Азиядағы жалғыз мемлекет. Сингапурда төрт тіл ресми тіл болып табылады. Атап айтқанда, ағылшын, қытай, малай, тамил тілдері. 2000 жылы 15 жастан асқан, ағылшын тілін білетін адамдар саны халықтың 71%-ын құраса, 2010 жылы бұл көрсеткіш 80%-ға жетті. 2 тіл білетіндер саны 2000 жылы 56%-ды, 2010 жылы 71%-ды құрады. Сингапур мемлекетінің саясаты бойынша мектепте бірнеше тіл оқытылуы керек. Және де олар жоғары деңгейде оқытылуы керек. Нәтижесінде оқу орнын бітірген түлек 2 немесе 3 тілде тең, жоғары деңгейде сөйлей алатын болып шығады [10, 162-бет].

Тіл саясатында басты ескеретініміз «тілді күштеу арқылы үйрету мүмкін емес», халық оны саналы түрде сезініп, өзі ынтасын танытып меңгеріп алады. Біздің қоғамда үштілдік туралы айтылғанда халықты күмандандырған ағылшын тілін оқуға деген қажеттілік емес, қазақ тілінің онсыз да аянышты күйі ертеңгі күні қандай болады деген көкейкесті сауал.

Өйткені үштілділікке басымдық берілгенде, «25 жылда конституциялық мәртебесіне лайықты орнын ала алмай жүрген қазақ тілі- ағылшын тілі мен орыс тілінің көлеңкесінде қалып қоймайды ма?» деген сұрақ әр қазақты мазалап жүрген сұрақ деп ойлаймыз. «Үштілділік» болады, ол уақыттың еншісіндегі мәселе. Ал енді «қалай жүзеге асады, нәтижесі қандай болады?» сөздің шындығына келгенде, ол әрқайсымызға байланысты.

Сөзімізді Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сөзімен аяқтауды жөн көрдік: «Егер әрбір қазақ ана тілінде сөйлеуге ұмтылса, тіліміз әлдеқашан Ата Заңымыздағы мәртебесіне лайық орнын иеленер еді. Қазақ тілі туралы айтқанда, істі алдымен өзімізден бастауымыз керектігі ұмыт қалады. Ұлттық мүддеге қызмет ету үшін әркім өзгені емес, алдымен өзін қамшылауы тиіс. Тағы да қайталап айтайын: қазақ қазақпен қазақша сөйлессін. Сонда ғана қазақ тілі барша қазақстандықтардың жаппай қолданыс тіліне айналады. Мен 2050 жылғы қазақстандықтар – үш тілде сөйлейтін білімді, еркін адамдардың қоғамы екеніне толық сенімдімін. Олар – әлемнің азаматтары. Олар саяхаттап жүреді. Олар жаңа білім меңгеруге құштар. Олар еңбексүйгіш. Олар – өз елінің патриоттары» [11].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Саяси түсіндірме сөздік.-Алматы, 2007.-616 бет.

2. <http://www.kisi.kz/kk/categories/sayasi-modernizaciya/posts/kazakstandagy-til-sayasaty-zhane-tildik-ahual-kedergile>
3. <http://yvision.kz/post/116215>
4. http://www.akorda.kz/kz/official_documents/constitution
5. <http://www.qazaquni.kz/2014/03/26/22650.html>
6. <http://zhangazy.yvision.kz/post/116224>
7. https://yandex.kz/video/search?text=ерлан%20сагадиев%20об%20образовани%20видео&path=wizard&parent-reqid=1479382038526917-797577_53937_41977582267075-sas1-5962&noreask=1&filmId=15269386092318512544
8. <http://philology.ru/linguistics1/ermakova-14.htm>
9. <http://qamshy.kz/home/show/6240>
10. Колоскова Е.В. «Языковая ситуация в Сингапуре»
11. Қазақстан- 2050 стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттік жаңа саяси бағыты. 3 том.- Астана. «Деловой мир Астана» ЖШС, 2013.-458 бет.

**Жанысов М.,
Шаймаханбетов А.
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ
«Саясаттану» мамандығының 2 курс студенттері
г. Астана, Қазақстан**
(Ғылыми жетекші: аға оқытушысы Ибраев Е.Е.)

ЛОББИЗМ ПАРЛАМЕНТ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ҚАРАПАЙЫМ КӨРІНІСІ РЕТІНДЕ

Саяси сахнадағы лоббизмнің маңыздылығы жылдан жылға артып келеді. Лоббисттік кампаниялар әлеуметтік қозғалыс статусын иемденуде. Қазіргі таңда билік шешімдерінің мүдделі топтардың әсерінсіз қабылдануы мүмкін емес жағдай секілді. Осыған орай ірі экономикалық құрылымдардың өздерінің проблемаларын биліктің қатысынсыз реттеулерін елестету қиын.

Кеңестік кезеңде лоббизмнің көлеңкелі формалары, директораттармен, экономикалық және әкімшілік элиталармен жаппай қолданыста болғанына қарамастан буржуазиялық көзқараста болды. Сондықтан болар тек XX ғасырдың 90 жылдары зерттеушілердің назарына іліккені.

90 жылдардың басынан бастап лоббизм мәселеріне жеткілікті дәрежеде назар аударылған болатын. Шетелдік лоббисттік зерттеулермен В. Белов, К. Вяткин, Н. Зяблюк, Н. Иванов, Л. Корявин, Н. Прохода, А. Сергунин, А. Хомич және т.б. зерттеушілер айналысқан болатын. Олардың жұмыстары лоббизм дамыған мемлекеттердегі, лоббилік қызмет, жаңа лоббилік технологиялар мен тенденциялар және олардың өзгерісі жайында көзқарас қалыптастыруға мүмкіншілік берді[1].